ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ

№82-83
(2460-2461)
Сенбі
17 қазан
2026 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық ақпараттық-танымдық басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ЖАУАПТЫ САЛА БАСШЫЛАРЫНА НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен өткен мәжілісте 2026 жылғы қаңтар-қыркүйек айларындағы ауданның әлеуметтік-экономикалық даму қортындылары мен республикалық бюджеттің атқарылу барысы қаралды.

Мәжілісте аудан басшысы күн тәртібіндегі және басқа да өзекті мәселелерге қатысты жауапты сала басшыларына нақты міндеттер жүктеді.

2026 жылдың тоғыз айындағы ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінде оң динамика қалыптасқан. Атап айтқанда, өнеркәсіп өнімінің көлемі 23,9 млрд. теңгені құрап, 124,4 пайызға, өңдеу өнеркәсібі 20,8 млрд. теңгеге жетіп, 127 пайызға орындалған. Бөлшек сауда айналымы 11,9 млрд. теңгені, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 19,3 млрд. теңгені құрады. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 25,8 млрд. теңгеге жетсе, құрылыс жұмыстарының көлемі 183,2 пайызға орындалды. Пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 43989 шаршы метрді құрады.

Аудан әкімі жауапты сала басшыларына макроэкономикалық көрсеткіштердің орындалуын тұрақты бақылауда ұстауды, жоспарлы межеге қол жеткізу үшін тиісті шараларды күшейтуді тапсырды. Сонымен қатар, өнеркәсіп және өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының тоқсандық есептілікті белгіленген мерзімде әрі дұрыс тапсыруын қамтамасыз етуді міндеттеді.

2026 жылғы 1 қазандағы мәлімет бойынша ауданның шығындар жоспары 11,5 млрд. теңгені құрап, 100 пайызға игерілген. Осыған байланысты бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне бөлінген қаражаттың уақытылы әрі мақсатты игерілуін қамтамасыз ету тапсырылды.

Бұдан бөлек, аудан бюджетінің кірістер жоспарын толық орындап, салық базасын кеңейту және кіріс көздерін ұлғайту мәселелеріне басымдық берілді. Мемлекеттік кірістер басқармасына, дербес бөлімдерге, мекемелер мен кәсіпорындарының басшыларына және округтер әкімдеріне жылдық жоспардың орындалуына бағытталған нақты шаралар қабылдау міндеті жүктелді.

Мәжілісте мемлекеттік органдардың ақпараттық жұмыстарының тиімділігі, әлеуметтік желілердегі ресми және жеке парақшалардың белсенділігі кеңінен талқыланды. Осыған орай аудан әкімінің салаға жауапты орынбасарының хабарламасы тыңдалып, әлеуметтік желілерде жарияланған сыни жазбаларға уақытылы әрі сапалы жауап беру мәселесіне ерекше назар аударылды.



Аудан әкімі қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық сипаттағы келеңсіз жағдайлар туындаған кезде жедел ақпараттық ден қою алгоритмін қатаң сақтауды, сонымен қатар, жауапты сала басшыларына бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жұмыстарды жоғары деңгейде ұйымдастыруды тапсырды. Атап айтқанда, жәрмеңкеге ұсынылатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен санитарлық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету, қажетті карантиндік және ветеринариялық құжаттардың болуын қадағалап, Қазалы ауданының бренді саналатын өнімдерді кеңінен ұсынуды міндеттелді.

Аппарат мәжілісінде күзгі мерзімді әскери қызметке шақыру науқанының барысы талқыланды. Жауапты сала басшыларына, аудандық полиция бөліміне, округ әкімдеріне бірлесіп жұмыс жүргізіп, белгіленген шақыру тапсырмасының толық орындалуын қамтамасыз ету міндеттелді.

Мәжілісте аудан аумағындағы санитарлық тазалық, абаттандыру және түнгі жарықтандыру жүйелерінің жағдайыда қаралды. Аудан басшысы Әйтеке би кенті, Қазалы қаласы және ауылдық округтердегі тазалық пен жарықтандыруға жүргізілген мониторинг нәтижелеріне тоқталып, бірқатар кемшіліктерді жою қажеттігін қатаң ескертті.

Жиын соңында күн тәртібінде талқыланған барлық тапсырмалардың орындалуын қатаң бақылауда ұстайтындығын ескертті.

КӨПҚАБАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ШАТЫРЫН ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қазалы ауданында облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың қолдауымен көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларын абаттандыру, инфрақұрылымын жақсарту және тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру бағытында жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді.

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Әйтеке би кентіндегі Желтоқсан көшесі бойында орналасқан №2, №14 көпқабатты тұрғын үйлердің шатырын жөндеу жұмыстарымен танысты.

Аталған жұмыстарға аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, мердігер мекеме «АҢСАТ-ҚҰРЫЛЫС И С» ЖШС тарапынан тұрғын үйлердің шатыр жабындыларын ауыстыру жұмыстары жүргізілуде.

Жұмыс барысымен танысқан аудан әкімі мердігер мекеме өкіліне жөндеу жұмыстарын жауын-шашынға қалдырмай, белгіленген мерзімде әрі сапалы аяқтауды тапсырды. Сонымен қатар, жауапты сала басшыларына құрылыс жұмыстарының сапасын тұрақты бақылауда ұстап, орындалған жұмыстардың талаптарға сәйкестігін қадағалауды міндеттеді.

Аталған көпқабатты үйлердің тұрғындары аулаларына асфальт төселіп, жаяу жүргіншілер жолдары салынып, шатырларын жөндеу жұмыстарының қолға алынғанына ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын жеткізді.

Айта кетейік, бұған дейін. Әйтеке би кентіндегі Желтоқсан, В.Счастнов көшелерінің бойындағы көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларын абаттандыру, автотұрақтар мен жаяу жүргіншілер жолдарын салу жұмыстары жүргізілген болатын.

Аудан әкімі инфрақұрылымды дамыту мен тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру – жергілікті атқарушы орган жұмысының басым бағыттарының бірі екенін атап өтті. Сондай-ақ, аудан орталығындағы көпқабатты тұрғын үйлердің шатырларын жөндеу және жаңарту жұмыстары алдағы уақытта да кезең-кезеңімен жалғастыру қажеттігін айтты.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

Жерлес ғалым Бағдат Кәрібозұлы - 70 жаста

КІСІЛІК СӘУЛЕСІ

Топырағына Қорқыт қобызының сазы, қара домбыраның үні сіңген, Әлихан мен Ахмет бастаған Алаш арыстарының ізі қалған киелі Сыр өңірінде талай талант өмірге келді. Ұлттық сөз өнеріне қызмет етіп, әдебиет пен ғылымның өрісін кеңейткен сондай дарындардың арасында әдебиеттанушы ғалым, ұстаз, жазушы Бағдат Кәрібозұлының орны ерекше.

Оның азаматтық болмысы мен ғалымдық-рухани қалыптасуының бастауы қасиетті Қазалының нәрлі топырағында, қос әженің мейірім шуағында, ел арасында би Кәрібоз, шешен Кәрібоз атанған әкесінің тағылымды тәрбиесінде, анасының аялы алақанында жатса керек.

Ұстазы академик Зейнолла Қабдолов суреткер үшін қажет сезім, бақылау, қиял, әдемілікке құштарлық сияқты қасиеттерге ерекше тоқталады. Өнер адамы үшін керек осы қасиеттер, сөз өнерінің табиғатын бағалап, құдіретін саралайтын әдебиеттанушы ғалым үшін де ең басты қасиеттер болса керек. Онсыз, құр біліммен әдебиеттің жанын түсіну, түсіндіру мүмкін де емес.

Біз білетін Бағдат Кәрібозұлы терең білімнің, зерек зейіннің, биік эстетикалық талғамның, сезім мен ойдың, шығармашылық қиялдың иесі. Әкесі Кәрібоз жүйрік ат мініп, құмай тазы жүгіртіп, өлең мен өнерге, шешендік сөз бен жырға құмар, саятшы, сері болған. Әкесінің ерекше бағалайтын «Ақ танау» атты жылқысын Бәкең: ««Ақтанауды» алғаш көргенімде жасым 4 – 5-тер шамасында еді. Танауы ақ, маңдайында білінер-білінбес қасқасы бар, түсі тобылғы қызылдан да ашықтау қан қызылға жататын. Ақтанау жарқ ете қалғанда оған көз тоқтатпау мүмкін емес. Көздің жауын алатын мөлдіреген сұлулық осы Ақтанауда еді…

Бірде, шілденің ыстығында суатқа үйірімен құлағанын көріп тұрдым. Үйірінің алдында жалт-жұлт етіп өзі келе жатыр екен. Бірінші болып дарияға түсті де, су тізеден жоғарылағанша аузын салған жоқ. Мойынын соза дарияның тереңіне қарай жүзе жөнелді. Жал-құйрығы жайылып суда өте әдемі көрінеді. Жаны рахаттанған болуы керек, көзі жайнап кетті. Судан шыққасын сілкінді, керілді, күнге қақталып, аз-кем тұрды», - деп суреттейді. Бұл төрт-бес жастағы бала Бағдаттың қабылдауы. Міне, эстетикалық талғам, сұлулыққа құштарлық, бақылау мен қиял дегеніміз осы болар.

«Өлең жазбайтын ақын!». Бұл ел аузындағы Бағдат Кәрібозұлына байланысты айтылатын сөз. Әу, баста кім айтса да тауып айтылған! Өлең дегеніміз тек ұйқас, шумақ қана емес. Ол нәзік сезімнің, терең ойдың, көркемдік пен әсемдіктің сөз болып құйылған түрі. Сөз өнеріндегі ерекше жанр. Осы жанрдың табиғатын зерттеу, зерттеу ғана емес, өзіндік ғылыми тұжырым, бағыт, жаңашылдық – Бағдат Кәрібозұлы есімімен байланысты.

Бағдат Кәрібозұлының ғылыми-зерттеу еңбектерінің басты ерекшелігі – қазақ әдебиетін ұлттық рух, тарихи сана және көркемдік таным тұрғысынан терең зерделеуінде. Ол поэзиядағы ұлттық мінез мәселесін әдеби-эстетикалық категория, ұлттың рухани жадын сақтайтын, халықтың дүниетанымы мен тарихи тәжірибесін танытатын іргелі мәдени феномен ретінде қарастырды. Ғалым еңбектеріндегі негізгі арналардың бірі – қазақ поэзиясындағы ұлттық сипат. Бұл бағыттағы зерттеулері арқылы ол әдебиеттану ғылымында бұрын арнайы жүйелене қоймаған тың ғылыми концепциялар қалыптастырды.

Поэзия табиғатын талдауда тек мазмұндық немесе формалық өлшемдермен шектелмей, ұлттық болмыстың көркем шығармадағы көрінісіне айрықша назар аударды. Оның пікірінше, ұлттық сипат – тек тақырыптық ерекшелік емес, ол халықтың тарихи жады, мінезі, дүниетанымы, тілдік өрнегі, образ жасау жүйесі мен көркем ойлау машығы арқылы танылатын күрделі рухани құбылыс. Ғалым халық поэзиясынан бастап қазіргі қазақ лирикасына дейінгі әдеби үдерісті саралай отырып, қазақ өлеңінің табиғатындағы ұлттық өрнектерді, дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығын ғылыми тұрғыдан негіздеді.

«Қайран сөз», «Сырлы сөз сипаты», «Өркениетке өріс», «Беталыс» секілді еңбектерінде қазақ сөз өнерінің көркемдік-эстетикалық қуаты, поэзияның ұлттық рух қалыптастырудағы орны кеңінен талданды. Әсіресе, ғалымның сөз табиғатына қатысты тұжырымдары ерекше назар аудартады. Ол сөзді жай қатынас құралы емес, ұлттың рухани коды, тарихи жадтың көрінісі деп таныды. Сондықтан оның зерттеулерінде көркем ойлау, поэтикалық таным мәселелері терең философиялық пайыммен сабақтасып жатады.

Зерттеу еңбектеріндегі тағы бір бағыт – Сыр өңірінің әдеби-мәдени мұрасы. Бағдат Кәрібозұлы Сыр бойындағы ақын-жыраулар шығармашылығын, олардың тарихи және рухани қызметін ұлттық әдебиет тарихының құрамдас бөлігі ретінде қарастырды, тек аймақтық әдеби құбылыс деңгейінде емес, қазақ руханиятының тұтас бір мектебі ретінде бағалады. Осы тұрғыдан келгенде, оның еңбектері әдеби өлкетану ғылымының дамуына да елеулі үлес қосты. Ғылыми мақалалары мен зерттеулерінде тарихи тұлғалардың рухани болмысы да терең ашылады. Әйтеке би, Жалаңтөс баһадүр, Мүсірәлі сопы әзіз, Марал ишан, Баязар жырау секілді тұлғалар туралы еңбектерінде ғалым олардың ұлт руханиятындағы тарихи орнын, елдік сана қалыптастырудағы миссиясын кеңінен саралады. Бұл зерттеулерде тарих пен әдебиет, фольклор мен рухани таным өзара сабақтастықта қарастырылып, тұлғатану мәселесі ұлттық дүниетаным негізінде пайымдалды.



Ғылыми ұйымдастырушылық қызметі де ерекше назар аударуға лайық. Оның бастамасымен жүзеге асқан «Сырдария кітапханасы» сериясындағы 200 томдық – өңір әдебиеті тарихындағы ірі ғылыми жобалардың бірі. Бұл еңбек арқылы Сыр өңірінен шыққан ақын-жазушылардың шығармалары жинақталып, ғылыми айналымға түсті. Сонымен қатар «Менің Отаным – Қазақстан» сериясы бойынша бірнеше аудан тарихының жазылуы да ғалымның елдік мұратқа қызмет еткен іргелі істерінің бірі болды. Мұндай жұмыстар Бағдат Кәрібозұлының әдебиеттанушы ғана емес, ұлттық руханияттың жанашыры, мәдени мұраны жүйелеуші қайраткер екендігін танытады.

Жылдар, тіпті ғасырлар бойы халық жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа аманат болып жеткен фольклорлық мұраларды жинақтап, ғылыми айналымға енгізу – үлкен табандылық пен жауапкершілікті қажет ететін күрделі іс. Осы бағытта Бағдат Кәрібозұлының атқарған еңбегі айрықша.

Оның бастамасымен жүзеге асқан ғылыми жобалардың ішінде Қорқыт ата мұраларын жинақтау мен жүйелеудің орны ерекше. Түркі дүниесіне ортақ ұлы тұлға Қорқыт ата туралы аңыздар мен әпсаналарды Түркия, Әзербайжан, Түрікменстан елдеріндегі нұсқаларымен салыстыра зерттеп, ел ішіндегі ауызша сақталған үлгілермен бірге топтастырып жариялауы – ұлттық фольклортану ғылымындағы елеулі еңбек. Бұл жұмыстар арқылы ғалым Қорқыт мұрасының тек қазақ әдебиеті мен мәдениетіне ғана емес, бүкіл түркі өркениетіне ортақ рухани құндылық екенін ғылыми тұрғыдан терең пайымдады.

Үштомдық «Сыр өңірі фольклорының антологиясы» да – ғалым еңбегінің іргелі нәтижелерінің бірі. Бұл антологияға ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін сақталған Сыр бойы аңыздары, тарихи әңгімелер, әпсаналар, жырлар жүйеленіп енгізілді. Бұрын-соңды мұндай көлемде әрі ғылыми негізде бір өңірдің фольклорлық мұрасын тұтас қамтып жариялау қазақ руханиятында сирек кездесетін құбылыс еді. Сондықтан бұл еңбек тек аймақтық емес, ұлттық мәдениет тарихындағы маңызды ғылыми жоба ретінде бағаланады. Антология арқылы Сыр өңірінің бай рухани мұрасы хатқа түсіп, ғылыми айналымға енді, кейінгі ұрпаққа аманатталды.

Эссе – бекзат жанр. Ішкі жан толқынысының, сезім мен сырдың төгіліп, сөзге айналуы. Бәкең эссейст – жазушы. Оның қаламынан туған «Ынсап», «Ырыс», «Ұстаз ұлағаты», «Ізденіс іздері» сияқты – эссе-естеліктер көркем шығармадай оқылатын туындылар.

«Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда» дейді Абай. Терең философия. Мұңсыз, ойсыз адамға өмір сүру әлдеқайда жеңіл. Ал ойлы адамға ше?! Оның ішінде Бағдат Кәрібозұлы сияқты әдебиеттің тереңіне сүңгіп, ұлт мұрасын түгендеп жүрген ғалым ойсыз болар ма?! Жүрек сыздамай, көңіл құлазымай тұрар ма?! Халықтың жоғалған сөзін іздеу, көмескіленген рухани қазынаны қайта тірілту талай ұйқысыз түндер, оймен арпалысу ғой.

Ұзақ жылдар бойы елдің рухани жүгі мен уақыттың ауырлығын көтеріп келе жатқан жүрек бір мезет әлсіреген де шығар. Сол дертпен алысып жүріп те қолынан қаламы түспеді.

Студенттік шақта алғаш тұтанған сезім үлкен махаббатқа айналды. Бәкеңнің бүкіл жетістігі мен шыққан биігінің артында сол Салтанаты тұр. Қиналғанда жанына демеу болатын да сол Салтанаты. Қол ұстасып жүріп екеуі ұрпақ тәрбиеледі. Немере сүйді. Алла шөбере мен шөпшектің қолынан дәм татырсын!

Мықты нарға қашанда ауыр жүк теңдер,
Жүк артсын деп оған берік біткен бел.
Жүгім ауыр кешпе мені қайыссам,
Қайта үстіне үстемелеп жүктеңдер.
Жете алмасам мейлі жолда қалайын,
Бірақ менен қайқаңдауды күтпеңдер.

Бәке, өзіңіз жақсы көретін Зейнолла Шүкіровтің өлеңі ғой! Сіз де әдебиет пен өнердің ауыр жүгін қара нардай арқалап келесіз. Әлі де артылар жүк аз емес! Мықты болыңыз!

Жетпіс жас құтты болсын, аға!

Ғабит ТҰЯҚБАЕВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты

САЙЛАУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

2026 жылғы 29 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасының мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес Қазалы ауданы бойынша сайлау учаскелерінің орналасқан жері мен шекаралары туралы Қазалы ауданы әкімдігінің хабары.

№56 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Әйтеке би көшесі №1, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Оқушылар Үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Телефоны: 8/72438/23818.

Шекарасы: Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі №1, №2 көпқабатты үйлер және №1-12 үйлер аралығы.

Желтоқсан көшесі №28, 32, 38, 40, 42, 44, 46, 50, 60, 62, 64, 66 көпқабатты үйлер.

Желтоқсан көшесі №53-193 үйлер (тақ жағы), №32-112 үйлер (жұп жағы).

Әбжәми Айбосынов көшесі №1, 2, 3, 4, 5, 6 үйлер.

Сұлтан Сүлейменов көшесі №1А, 2А, 2Б, 2, 6, 8 үйлер.

Сұлтан Аманов көшесі №1-11 үйлер (жұп-тақ) жағы.

Жалдыбай жырау көшесі №1, 2, 3, 4, 5 үйлер.

Ғани Мұратбаев көшесі №1-13 үйлер (жұп-тақ жағы).

Ғани Мұратбаев тұйық көшесі №1-18 үйлер (жұп тақ жағы).

Қасым Аманжолов көшесі №1-14 үйлер (жұп тақ жағы).

Төле би көшесі №44-92 үйлер (жұп-тақ жағы).

Мешітбай Тастайбеков көшесі (толығымен).

Таяубай Сереев көшесі (толығымен).

Орынбай Жанәділов көшесі (толығымен).

Орынбай Жанәділов орамы (толығымен).

Нұртуған жырау көшесі №22-37 үйлер (жұп-тақ жағы).

Роза Бағланова көшесі №78-134 үйлер (жұп жағы) және №85-129 үйлер (тақ жағы).

Владимир Счастнов көшесі (толығымен).

Ұялы көшесі (толығымен).

Тоқтар Әубәкіров көшесі №1-16 үйлер (жұп-тақ жағы).

Ағжап Өтемұратов көшесі (толығымен).

Сара ақын көшесі (толығымен).

№57 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Владимир Счастнов көшесі №17, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8/72438/22634.

Шекарасы: Махамбет Өтемісұлы көшесі №6-12 үйлер (жұп жағы) және №21-43 үйлер (тақ жағы).

Біржан сал көшесі №1-64 үйлер (жұп-тақ жағы).

Сәкен Сейфуллин көшесі №1-69 үйлер (тақ жағы) және №2-60 үйлер (жұп жағы).

Әбубәкір Тыныбаев көшесі №1-23 үйлер (тақ жағы) және №2-18 үйлер (жұп жағы).

Ахмет Байтұрсынов көшесі №1-49 үйлер (тақ жағы) және №2-46 үйлер (жұп жағы).

Мақаш Балмағамбетов көшесі (толығымен).

Жүсіпбек Аймауытов көшесі №3-55 үйлер (тақ жағы) және №2-42 үйлер (жұп жағы).

Қайрат Халықов көшесі (толығымен).

Шохан Уәлиханов көшесі (толығымен).

Жалаңтөс батыр көшесі №1-5 үйлер (жұп-тақ жағы).

Тоқаш Бокин көшесі №1-14 үйлер (жұп-тақ жағы).

Әбдінағи Әбжанов көшесі №36-51 үйлер (жұп-тақ жағы).

Аманкелді батыр көшесі №1-40 үйлер (жұп-тақ жағы).

Ақан сері көшесі (толығымен).

Біржан сал көшесі № 1-82 үйлер (жұп-тақ жағы).

Мұхтар Әуезов көшесі №28-42 үйлер (жұп жағы) және №21-37 үйлер (тақ жағы).

№3 кварталдағы Тұмар ханым, Нұрила ана, Қобылаш Жаймұратов, Мұратбай Жарылқағанов көшелері (толығымен).

№4 кварталдағы Рахманберді Сабырбаев, Сара Тәжібаева, Тілеп Қорабайұлы, Сырыш Нұрқатов көшелері (толығымен).

Мағжан Жұмабаев көшесі №4-74 үйлер (жұп жағы) және №9-79 үйлер (тақ жағы).

Махамбет Әуезов көшесі (толығымен).

Айдарбек Табынбаев көшесі (толығымен).

Ақан сері тұйық көшесі №9-60 үйлер (жұп-тақ жағы).

№58 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Желтоқсан көшесі №20, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің

«№266 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты.

Телефоны: 8/72438/26038.

Шекарасы: Желтоқсан көшесі №1А-51А үйлер (тақ жағы) және №2, №4, №8, №10, №12, №14 көпқабатты үйлер.

Мағжан Жұмабаев көшесі №1-21 үйлер (тақ жағы) және №2-18 үйлер (жұп жағы).

Роза Бағланова көшесі №1-83 үйлер (тақ жағы) және №2-76 үйлер (жұп жағы).

Төле би көшесі №1-40 үйлер (жұп-тақ жағы).

Төле би тұйық көшесі (толығымен).

Мұстафа Шоқай көшесі №1-147 үйлер (тақ жағы) және №2-156 үйлер (жұп жағы).

Әйтеке би көшесі №1-15 үйлер (тақ жағы) және №2-28 үйлер (жұп жағы).

Махамбет Өтемісұлы көшесі №1-19 үйлер (тақ жағы) және №2-4 үйлер (жұп жағы).

Кенен Әзірбаев көшесі (толығымен).

Ерғали Төлепов көшесі (толығымен).

Әліби Жангельдин көшесі (толығымен).

Нұртуған ақын көшесі №1-21 үйлер (тақ-жұп жағы).

Мұхтар Әуезов көшесі №1А-26 үйлер (тақ-жұп жағы).

Әбдіғани Әбжанов көшесі №1-35 үйлер (тақ-жұп жағы).

Әль-Фараби көшесі №1-40 үйлер (тақ-жұп жағы).

Асан қайғы көшесі (толығымен).

Жұбан Молдағалиев көшесі (толығымен).

Берді Баймішев көшесі №1-42 үйлер (тақ-жұп жағы).

Ақан сері тұйық көшесі №1-8 үйлер (тақ-жұп жағы).

№59 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Достық көшесі №66-А, «Қазалы гуманитарлық - техникалық колледжі» білім беру мекемесінің ғимараты.

Телефоны: 8/72438/27232.

Шекарасы: Төле би көшесі № 94-190 үйлер (тақ-жұп жағы).

Мұстафа Шоқай көшесі № 149-241 үйлер (тақ жағы) және №162-256 үйлер (жұп жағы).

Сәкен Сейфуллин көшесі № 118-172 үйлер (тақ жағы) және №145-209 үйлер (тақ жағы).

Қаныш Сәтбаев көшесі № 105-197 үйлер (тақ жағы) және № 84-156 үйлер (жұп жағы).

Қожахмет Қожаниязов тұйық көшесі (толығымен).

Сұлтан Аманов тұйық көшесі (толығымен).

Сұлтан Аманов көшесі № 21-41 үйлер (тақ жағы) және №18-20 үйлер (жұп жағы).

Жалдыбай Жырау № 9-25 үйлер (тақ жағы) және № 12-48 үйлер (жұп жағы).

Күләш Байсейітова көшесі (толығымен).

Әбжәми Айбосынов көшесі № 9-43 үйлер (тақ жағы) және № 20-62 үйлер (жұп жағы).

Әбжәми Айбосынов тұйық көшесі (толығымен).

Біржан сал көшесі № 97-113 үйлер (тақ жағы) және №130-152 үйлер (жұп жағы).

Берді Баймішев көшесі № 43-48 үйлер (тақ-жұп жағы).

Ғани Мұратбаев көшесі № 14-35 үйлер (жұп-тақ жағы).

Роза Бағланова көшесі № 131-217 үйлер (тақ жағы) және №136-256 үйлер (жұп жағы).

Сұлтан Сүлейменов көшесі № 10-72 үйлер (жұп жағы).

№60 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі №128, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Ержігіт Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8/72438/27614, 8/72438/27815.

Шекарасы: Талант Бөрікұлақов, Дәулеткерей, Жетербай Ақбаев, Дәуірхан Айдаров, Қолдас Сүйеубаев, Жүсіпбек Пұсырманов, Қалибек Бекетов, Нағымет Құлбаев, Әбдінәби Ұлманов тұйығы, Дабыл Бекшеұлы, Ізбасқан Ежегеев, Данияр Жұпарбаев, Зәйну Таңжарықов, Садуақас Махашов, Нағымет Ымат, Біліс Нұрпейісов, Мағзаман әулие, Ағайынды Талқанбаевтар, Қанағат Ерниязов, Мәдина Ералиева, Кемал Бегалиев, Жақас Шерипов, Елшекен Қуанышбаев, Шағырай Мырзакелдіұлы, Бекжан Дидаров көшелері (толығымен).

Строение көшесінің №221, 222, 223, 224 үйлері.

№1 кварталдағы Теңел Жұмабаев, Шамау Ибрашев, Қалжан Бекетаев көшелері (толығымен).

№61 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі №92, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Қ.Сәтбаев атындағы №216 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8/72438/21404.

Шекарасы: Ақан Құлтасбеков, Бекарыстан би, Жиренше шешен көшелері (толығымен).

Әбілхайыр хан көшесі № 1-29 үйлер (тақ жағы) және № 2-82 үйлер (жұп жағы).

Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі № 13-95 үйлер (тақ-жұп жағы) және № 103А көпқабатты үй.

Ұлықпан Медетов көшесі (толығымен, Жанқожа Нұрмұхамедұлы тұйығы).

Әйтеке би көшесі № 30-100 үйлер (жұп жағы) және № 21-93 үйлер (тақ жағы).

Қаныш Сәтбаев көшесі №1-103 үйлер (тақ жағы) және №2-82 үйлер (жұп жағы).

Күнтуған Көшімов көшесі (толығымен, Қаныш Сәтбаев тұйығы).

Сәкен Сейфуллин көшесі № 71-143 үйлер (тақ жағы) және № 62-116 үйлер (жұп жағы).

Тоқтар Әубәкіров көшесі № 17-63 үйлер (тақ жағы) және №18-94 (жұп жағы).

Ахмет Байтұрсынов көшесі №57, 59, 63, 71 үйлер.

Әбубәкір Тыныбаев көшесі №20-76 үйлер (жұп-тақ жағы).

Әбдірей Әбішов көшесі (толығымен, Әбубәкір Тыныбаев тұйығы).

Үмбет би көшесі № 2-13 үйлер (жұп-тақ жағы).

Айғабыл Жақсыбаев көшесі (толығымен, Үмбет би тұйығы).

Райымбек батыр көшесі №1-9 үйлер (тақ-жұп жағы).

Белкөл көшесі (толығымен, Біржан сал тұйығы).

Біржан сал көшесі № 71-128 үйлер (тақ-жұп жағы).

Жалаңтөс батыр көшесі № 6-38 үйлер (жұп жағы) және №7-47 үйлер (тақ жағы).

№62 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Үмбет би 8-А, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Б.К.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты.

Телефоны: 8/72438/26153.

Шекарасы: Жалаңтөс батыр көшесі №40-60 үйлер (жұп жағы) және №49-79 үйлер (тақ жағы).

Әнәпия Ұзақбаев көшесі (толығымен).

Жетіскен Мәкенәлі (толығымен, Жалаңтөс батыр тұйығы).

Төремұрат жырау көшесі (толығымен).

Әйтеке би көшесі №96А көпқабатты үй.

Елеу Көшербаев көшесі (толығымен).

Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі №95А, 100, 102, 102А, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 111, 113, 115, 119, 121, 125, 125А, 127, 129, 131, 131А, 133А, 135, 135А, 137, 139, 141, 141В, 143, 145, 147, 147 Г көп қабатты үйлер.

Қашақбай Пірімов көшесі №3-30 үйлер (тақ-жұп жағы).

Қызылбас палуан, Талант Бөрікұлақов тұйығы, Сырым батыр көшелері (толығымен).

Тоқтар Әубәкіров көшесі №65-131 үйлер (тақ жағы) және №96-168 (жұп жағы).

Жақып Ахметов көшесі (толығымен).

Үмбет би көшесі №10-12 үйлер (жұп жағы) және №25-33 үйлер (тақ жағы).

Сыдық Байкөбеков көшесі (толығымен).

Дөңесбай Ділімбетов көшесі (толығымен, Қашақбай Пірімов тұйығы).

№63 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қобыланды батыр көшесі №20, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8/72438/27234.

Шекарасы: Әлия Молдағұлова, Бегім ана, Әбдіраш Құдайбергенов (Бегім ана тұйығы), Жәнібек батыр, Қобыланды батыр, Қыз Жібек, Мәлік Ғабдуллин, Нұрадин Ермеков, Нұртуған Жұбатұлы, Садық Жәрімбетов, Үрмаш Түктібаев, Шәмша Бисембаев, Нұртаза Есбосынов, Жұмағали Саин көшелері (толығымен).

Қашақбай Пірімов көшесі №27-101 үйлер (тақ жағы) және №34-136 үйлер (жұп жағы).

Сұлтан Сүлейменов көшесі №69-89 үйлер (тақ жағы) және №90-108 үйлер (жұп жағы).

Талант Бөрікұлақов көшесі №24-34 үйлер (жұп жағы) және №25-97 үйлер (тақ жағы).

→

САЙЛАУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

№64 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Ғ.Мұратбаев ауылдық округі, Ғ.Мұратбаев ауылы, Ақтан батыр көшесі №3, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Ғ.Мұратбаев атындағы №91 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8/72438/30489.

Шекарасы: Ғ.Мұратбаев ауылдық округінің Ғ.Мұратбаев ауылы.

№65 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Қазалы қаласы Қорқыт ата көшесі №43, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Ғ.Мұратбаев атындағы №17 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты.

Телефоны: 8/72438/51232.

Шекарасы: Үрмәш Түктібаев көшесі № 46-80 үйлер (жұп жағы) және №164-182, №434-576 учаскелер аралығы.

Қорқыт ата көшесі №23-57 үйлер (тақ жағы) және №72 үй.

Жанқожа батыр көшесі №2-14 үйлер, №20/1-34 үйлер (жұп жағы) және №25-77 үйлер (тақ жағы).

Хегай Гер Сек көшесі №3-25 үйлер (тақ жағы) және №8-18 үйлер (жұп жағы).

Ыбырай Алтынсарин көшесі №3-37 үйлер (тақ жағы) және №12-30/2 үйлер (жұп жағы).

Қайрат Рысқұлбеков көшесі №3-17 үйлер (тақ жағы) және №12-20 үйлер (жұп жағы).

Серікбай Жакеев көшесі №8-16 үйлер (жұп жағы) және №15-23 үйлер (тақ жағы).

Сәбит Мұқанов көшесі №14-22 үйлер (жұп жағы) және №11-17 үйлер (тақ жағы).

Бердікен Мергенбаев көшесі №8-18 үйлер (жұп жағы) және №9 А-17 үйлер (тақ жағы).

Тұңғышбай Сегізов көшесі №10/1-18 үйлер (жұп жағы) және №11-21 үйлер (тақ бөлігі).

Қазалы көшесі №10-52/2 үйлер (жұп жағы) және №11-37 үйлер (тақ жағы).

Жалаңтөс Баһадүр көшесі №20-24 үйлер (жұп жағы) және №31-41/6 үйлер (тақ жағы).

Геннадий Шляпин көшесі №22-44 үйлер (жұп жағы) және №19/1-43/2 үйлер (тақ жағы).

Мұхамеджан Ерлепесов көшесі №28-34 А үйлер (жұп жағы) және №21-25 үйлер (тақ жағы).

Қаныш Сәтбаев көшесі №18 үй және №17-19 үйлердің (тақ жағы).

Тапбай Құлқашов көшесі №18-22 үйлер (жұп жағы) және №13-17 үйлер (тақ жағы).

Мықтыбай Жанұзақов көшесі №14-34 үйлер (жұп жағы) және №23-47 үйлер (тақ жағы).

Ертас Бөлекбаев көшесі №2/1-70/2 үйлер (жұп жағы) және №1-77 үйлер (тақ жағы).

Ғани Мұратбаев көшесі №2-12 үйлер (жұп жағы) №1-35/2 үйлер (тақ жағы).

Асқар Тоқмағамбетов көшесі №2-32 үйлер (жұп жағы) және №1/1-17 үйлер (тақ жағы).

Ыбырай Жахаев көшесі №2-18/2 үйлер (жұп жағы) және №1-13 үйлер (тақ жағы).

Әйтеке би көшесі №2/1-46 үйлер (жұп жағы) және №3/1-21/2 үйлер (тақ жағы).

Ілияс Жансүгіров көшесі №2 А-8 үйлер (жұп жағы) және №1-21 үйлер (тақ жағы).

Құрманғазы Сағырбайұлы көшесі №2-42 үйлер (жұп жағы) және №1-25 А үйлер (тақ жағы).

Мамай Рахашұлы көшесі №2-6 (жұп жағы) және №1-7 үйлер (тақ жағы).

№66 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Қазалы қаласы, Жамбыл Жабаев көшесі №24, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы аграрлы-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимараты.

Телефоны: 8/72438/51261, 8/72438/51361.

Шекарасы: Үрмәш Түктібаев көшесі №1-11 үйлер (тақ жағы) және №2-40 үйлер (жұп жағы).

Абай Құнанбаев көшесі №47-71 үйлер (тақ жағы) және №40-62 үйлер (жұп жағы).

Жамбыл Жабаев көшесі №31-79 үйлер (тақ жағы) және №46-88 үйлер (жұп жағы).

Шохан Уәлиханов көшесі №39-79 үйлер (тақ жағы) және №34-88А үйлер (жұп жағы).

Бекетай би көшесі №30-34А үйлер (жұп жағы).

Қорқыт ата көшесі №30 А-68 үйлер (жұп жағы).

Ыбырай Алтынсарин көшесі №1-1А үйлер (тақ жағы) және №2 - 10/4 үйлер (жұп жағы).

Қайрат Рысқұлбеков көшесі №6-10 үйлер (жұп жағы).

Серікбай Жакеев көшесі №1-15 үйлер (тақ жағы) және №2-6 үйлер (жұп жағы).

Сәбит Мұқанов көшесі №2-12 үйлер (жұп жағы) және №3-9 үйлер (тақ жағы).

Бердікен Мергенбаев көшесі №1-9 үйлер (тақ жағы) және №2-6 (жұп жағы).

Тұңғышбай Сегізов көшесі №4-8 үйлер (жұп жағы) және №5-9 үйлер (тақ жағы).

Қазалы көшесі №1-9 үйлер (тақ жағы) және №2-8/2 үйлер (жұп жағы).

Жалаңтөс Баһадүр көшесі №1/1-27А үйлер (тақ жағы) және №2-10 үйлер (жұп жағы).

Геннадий Шляпин көшесі №1-13 үйлер (тақ жағы) және №2-10 үйлер (жұп жағы).

Мұхамеджан Ерлепесов көшесі №1-19 үйлер (тақ жағы) және№2-26 үйлер (жұп жағы).

Қаныш Сәтбаев көшесі №4-8 үйлер (жұп жағы) және №5-13 үйлер (тақ жағы).

Тапбай Құлқашов көшесі №1-9 үйлер (тақ жағы) және №4-14/2 үйлер (жұп жағы).

Мықтыбай Жанұзақов көшесі №1-21А үйлер (тақ жағы) және №2 -12 үйлер (жұп жағы).

Сырдария, Ерғали Қожаназаров, Бегімбай Қосаев, Бауыржан Момышұлы, Серғали Толыбеков, Қалжан Нұрмаханов, Байхон Байболсынов, Мұхтар Әуезов, Жұмабай Бәкішев, Сәкен Сейфуллин, Талғатбек Құлахметов, Новостройка, Ермекбай Қодасов көшелері (толығымен).

Зинаддин Бұлақбаев көшесі №1-9А үйлер (тақ жағы) және №2-8А үйлер (жұп жағы).

Меңділлә Күзенбаев көшесі №1-7 үйлер (тақ жағы) және №2-8 үйлер (жұп жағы).

Ахметбек Қыстауов көшесі №1-23 үйлер (тақ жағы) және №2-8 үйлер (жұп жағы).

Қаражан Өтепбергенов көшесі №1-17 үйлер (тақ жағы) және №2-16 үйлер (жұп жағы).

Әнес Нарымбетов көшесі №1А-11 үйлер (тақ жағы) және №2-14 үйлер (жұп жағы).

№67 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Қазалы қаласы, Жамбыл Жабаев көшесі №46, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «М.Горький атындағы №16 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8/72438/51849.

Шекарасы: Үрмәш Түктібаев көшесі №13-79 үйлер (тақ жағы) және №101-163, №183-433 учаскелер аралығы.

Абай Құнанбаев көшесі №1-45 үйлер (тақ жағы) және №2-38 үйлер (жұп жағы).

Жамбыл Жабаев көшесі №1-27 үйлер (тақ жағы) және №2-44 үйлер (жұп жағы).

Бекетай би көшесі №1-33 үйлер (тақ жағы) және №2-28 үйлер (жұп жағы).

Шохан Уәлиханов көшесі №1-37 үйлер (тақ жағы) және №2-32 үйлер (жұп жағы).

Қорқыт ата көшесі №1-23 үйлер (тақ жағы) және №2-30 үйлер (жұп жағы).

Жанқожа батыр көшесі №1-23 үйлер (тақ жағы).

Хегай Гер Сек көшесі №2-6 үйлер (жұп жағы).

Әліби Жангелдин көшесі (толығымен).

Зинаддин Бұлақбаев көшесі №9-31 үйлер (тақ жағы) және № 8-36 үйлер (жұп жағы).

Меңділлә Күзенбаев көшесі №9-17 үйлер (тақ жағы) және №10-16 үйлер (жұп жағы).

Ахметбек Қыстауов көшесі №25-41 үйлер (тақ жағы).

Қаражан Өтепбергенов көшесі №21-29 үйлер (тақ жағы) және №18-20 А үйлер (жұп жағы).

Әнес Нарымбетов көшесі №9-15 үйлер (тақ жағы) және №18-24 үйлер (жұп жағы).

Амангелді батыр, Өмірзақ Түркебаев көшелері (толығымен).

№68 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Алға ауылдық округі, Y.Түктібаев ауылы, Y.Түктібаев көшесі №10, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Б.Әбдіразақов атындағы №88 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8/72438/30531.

Шекарасы: Алға ауылдық округінің Y.Түктібаев ауылы.

№69 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Ақжона ауылдық округі, Майдакөл ауылы, Орталық көшесі №46, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№98 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты.

Телефоны: 8/72438/35175.

Шекарасы: Ақжона ауылдық округінің Майдакөл ауылы және Жаңаталап, Жалпақ учаскелері.

№70 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Арықбалық ауылдық округі, Жанқожа батыр ауылы, Әйтеке би көшесі №21, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№94 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8/72438/25600.

Шекарасы: Арықбалық ауылдық округінің Жанқожа батыр ауылы.

№71 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Шәкен ауылдық округі, Шәкен ауылы, Шәкен көшесі

№9-Б, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№134 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты.

Телефоны: 8/72438/36663.

Шекарасы: Шәкен ауылдық округінің Шәкен, Шилі ауылдары, Шөлқұм учаскесі және Қарақұмдағы малшы қоныстары.

№72 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Аранды ауылдық округі, Аранды ауылы, Нұртаза Қазақбайұлы көшесі №2-А, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№97 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8/72438/34934.

Шекарасы: Аранды ауылдық округінің Аранды ауылы.

№73 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Аранды ауылдық округі, Қожабақы ауылы, Бейбітшілік көшесі №7, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№25 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты.

Телефоны: 8/72438/55128, 8/72438/55100.

Шекарасы: Аранды ауылдық округінің Қожабақы ауылы.

№74 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Бірлік ауылдық округі, Бірлік ауылы, Тәуелсіздік көшесі №26-А, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№102 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты.

Телефоны: 8/724385/25339.

Шекарасы: Бірлік ауылдық округінің Бірлік ауылы және Қарлан учаскесі.

№75 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Бозкөл ауылдық округі, Бозкөл ауылы, Қожали Өтепбергенов көшесі №25, «Бозкөл ауылдық округі әкімі аппаратының «Бозкөл ауылдық мәдениет Үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимараты. Телефоны: 8/72438/34080.

Шекарасы: Бозкөл ауылдық округінің Бозкөл ауылы.

№76 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Тасарық ауылдық округі, Лақалы ауылы, Лақалы көшесі №71, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№93 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8/72438/37135.

Шекарасы: Тасарық ауылдық округінің Лақалы және Тасөткел ауылдары.

№77 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Тасарық ауылдық округі, Тасарық ауылы, Тасарық көшесі №60, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№238 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты.

Телефоны: 8/72438/34796.

Шекарасы: Тасарық ауылдық округінің Тасарық ауылы және Тайман учаскесі.

№78 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Көларық ауылдық округі, Ақтан батыр ауылы, Ақтан батыр көшесі №5, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№190 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8/72438/25262.

Шекарасы: Көларық ауылдық округінің Ақтан батыр ауылы.

№80 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Қызылқұм ауылдық округі, Кәукей ауылы, Кәукей көшесі №3, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№225 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8/72438/37197.

Шекарасы: Қызылқұм ауылдық округінің Кәукей ауылы, Ажар елді мекені және «Жанқожа батыр», «Кәрібай бұлақ» шекара заставалары.

→

САЙЛАУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

№81 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Құмжиек ауылдық округі, Қашақбай Пірімов ауылы, Төреқұл Ақжігітов көшесі №67-А, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Қ.Күлетов атындағы №92 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8/72438/25725, 8/72438/25855.

Шекарасы: Құмжиек ауылдық округінің Қашақбай Пірімов ауылы, Қарақұмдағы малшы қоныстары: Майлыбай, Медірет, Бармас, Қарақұла, Асуқара, Ақжан, Жаубасар, Нарымбет, Көккөз, Қожақазған, Әйтімбет, Дәстірел, Қияқтыбас, Аққұдық, Қызылқұмдағы малшы қоныстары: Бәймен, Мәдениет, Өтебас, Лаубай, Ақтамшық, Көне Құмжиек, Қаратүбек, Балықшы, Қошқарбек, Атымтай, Мортық, Тапа елді мекені, Қарағайлы, Аралмола, Тапа-1, Тапа-2, Киікші-1, Киікші-2, Итішпес, Төртқұдық, Қартелі, Ақай-1, Ақай-2, Орысбай, Жанкеш учаскелері және Қасқырсоққан малшы қоныстары.

№82 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Басықара ауылдық округі, Басықара ауылы, Сәбит Мұқанов көшесі №3, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№182 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8/72438/25558.

Шекарасы: Басықара ауылдық округінің Басықара ауылы.

№83 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Қарашеңгел ауылдық округі, Жалаңтөс батыр ауылы, Әбдраман Тілеубаев көшесі №8, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Қ.Пірімов атындағы №103 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8/72438/25437.

Шекарасы: Қарашеңгел ауылдық округінің Жалаңтөс батыр ауылы, Үйрек, Ойынды, Көбек, Алтай, Водокачка елді мекендері мен «Ақөзек» учаскесі.

№84 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Майдакөл ауылдық округі, Бекарыстан би ауылы, Ереш Тілеубаев көшесі №21, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Үрмәш Түктібаев атындағы №24 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8/72438/28236.

Шекарасы: Майдакөл ауылдық округінің Бекарыстан би ауылы және Досқали учаскесі.

№85 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Майлыбас ауылдық округі, Ақсуат ауылы, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы көшесі №38, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№100 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8/72438/28032.

Шекарасы: Майлыбас ауылдық округінің Ақсуат ауылы, Майлыбас стансасы,

№99 темір жол бекеті және Бірлік учаскесі.

№86 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Майлыбас ауылдық округі, Байқожа стансасы, Жалғасбек Байділдаев көшесі №64, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№258 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8/72438/36012.

Шекарасы: Майлыбас ауылдық округінің Байқожа стансасы, №101, 102 темір жол бекеттері.

№88 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Сарбұлақ ауылдық округі, Сарбұлақ ауылы, Сарбұлақ көшесі №66-А, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№78 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8/72438/37555.

Шекарасы: Сарбұлақ ауылдық округінің Сарбұлақ ауылы.

№89 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Өркендеу ауылдық округі, Жанкент ауылы, Қалыбай Балтөреев көшесі №1, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№104 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8/72438/34557.

Шекарасы: Өркендеу ауылдық округінің Жанкент ауылы, Көне Өркенді учаскесі.

№90 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Сарыкөл ауылдық округі, Абай ауылы, Абай Құнанбаев көшесі №38, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Абай атындағы №90 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты. Телефоны: 8/72438/31418.

Шекарасы: Сарыкөл ауылдық округінің Абай ауылы және Жұбан учаскесі.

№91 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Ш.Айманов көшесі №4, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «С.Сейфуллин атындағы №165 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты.

Телефоны: 8/72438/22059.

Шекарасы: №6 квартал, Қазбек би, Зейнулла Шүкіров, Ыбырай Жақаев, Сәндібек Инабатов, Тайыр Жароков, Шәкен Айманов, Жәрмедет Ысқақов, Құрманғазы Сағырбайұлы, Қаражан Сансызбаев, Әбен Жолтаев көшелері (толығымен).

Ерімбет Көлдейбекұлы көшесі №25-115 үйлер (тақ жағы) және №52-114 үйлер (жұп жағы).

Жетес би көшесі №58-90 үйлер (жұп жағы) және №63-91 үйлер (тақ жағы).

№92 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Яков Михайлюк көшесі №12, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимараты. Телефоны: 8/72438/22754.

Шекарасы: Ерімбет Көлдейбекұлы көшесі №1-23 үйлер (тақ жағы) және №2-50 үйлер (жұп жағы).

Сақтаған Байтілеуов, Жамбыл Жабаев, Жәмет жырау, Жастар, Нартай Бекежанов көшелері (толығымен).

Жетес би көшесі №40-56 үйлер (жұп жағы) және №51-61 үйлер (тақ жағы).

Яков Михайлюк көшесі №11, 12, 14, 15, 17, 19, 20, 21, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 34, 36, 38, 40, 42, 42 Б, 44, 45, 47, 46, 48, 49, 50, 52 үйлер.

